

## Қостанай облысы Аманкелді ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 1 қаулысы және Қостанай облысы мәслихатының 2012 жылғы 30 наурыздағы № 35 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 4 мамырда № 3801 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес және Аманкелді ауданының өкілді және атқарушы органдарының пікірлерін ескере отырып, Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Барлық тұрғындарының кетуіне және қоныс аударуына байланысты Аманкелді ауданы Қарасу ауылдық округінің Бестөбе ауылы таратылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қостанай облысы әкімдігінің 04.07.2014 № 9 қаулысымен және Қостанай облысы мәслихатының 04.07.2014 № 297 шешімімен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ) .

2. Осы қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ о с т а н а й

облысының әкімі

*Н. Садуақасов*

*С е с с и я* т ө р а ғ а с ы ,

*Қ о с т а н а й* о б л ы с т ы қ

мәслихатының хатшысы

*С. Есжанов*